



АТЫРАУ
UNIVERSITY

Университет

Газеттің шығарылымы
сәуір айының 1-ші күні

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫҒЫ
ИЗДАНИЕ В ПАМЯТЬ ХОРОШЕГО УНИВЕРСИТЕТА И ЕГО ОСНОВАТЕЛЯ
2021 жыл



Құрметті Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студент жастары! Баршаңызды Студенттер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Осынау атаулы күн бәріңіз үшін ерекше саналады. Өйткені, өмірде студенттік шақ ең қызықты да бақытты кезең. Ол жастардың жадында ескірмейтін естеліктерімен жатталып, жаңғырып тұратын мәңгілік ұмытылмастай өз алдына бөлек дүние. Елдің болашақтағы дамуы мен гүлденуінің өзі жастардың қолында десек, болашақты құрушы да білімді жас ұрпақ.

Бүгіндері жастардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру жолында елімізде көптеген игі істер қолға алынуда. Елбасымыз өз сөзінде «Еліміздің алдында тұрған үлкен міндет –білімді де білікті азаматтарды тәрбиелеу» деп көрсеткен болатын. Осы бағытта университетіміздің оқытушы-профессорлары болашақ мамандар саналатын жастарды білім нәрімен сусында-

туда бар күш-жігерлерін сарқа жұмсап келеді. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса, ол елдің еңсесі де биік болары ақиқат. Сондықтан әр күндеріңіз білім мен жарқын жетістіктерге толы болсын.

Осынау атаулы күнде студенттерімізге күннің нұрын, білімнің шыңын тілеймін. Әрдайым алға қойған арман, мақсаттарыңыз орындалып, өз қалаған мамандықтарыңыздың иесі атанып, тәуелсіз еліміздің тұтқасын ұстар адуынды азамат атануларыңызға тілектеспін.

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ
Басқарма төрағасы-ректоры
Саламат Нұрмұқанұлы Идрисов





МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Бүгінгі таңда Атырау университетінде педагогтардың ғылыми жетістігі мен білім саласын өркендету жолында көптеген игілікті жұмыстар қолға алынды.

Әсіресе, университетте білім алып жатқан жастарды қазіргі заман талабына сай жан-жақты оқытып, білім беруде Республикамыздағы өзге жоғарғы оқу орындарымен тәжірибе алмасу жүзеге асып келеді. Соның бірі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті Ғани Бектайұлы Бисембаев пен Атырау университетінің ректоры Саламат Нұрмұханұлы Идрисов

12 қараша күні ғылыми педагогикалық әлеуетті арттыру бағытындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Меморандумда атап көрсетілгендей ұстаз мәртебесінің білім берудегі инновациялық тәжірибені, ғылыми-зерттеу нәтижелерін анықтауға эксперименттік алаң ретінде қатысуы; бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу; бірлескен ғылыми-әдістемелік және оқыту семинарларын, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру бағыттары қарастырылған.

Осыдан 35 жыл бұрын, яғни 1986 жылы 26 сәуірде Украинаның Чернобыль қаласындағы атом электр станциясының төртінші блогі жарылды. Апаттың зардабын жою жолында жүз мыңдаған сарбаз отан алдындағы борыштарын атқарды. Алайда АЭС сепкен ажал уынан құтыла алмады.



«ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫ. КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ.....»

тақырыбында дөңгелек үстел

11 қараша күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен «ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫ КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ.....» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелдің мақсаты ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Чернобыль АЭС ядролық апатының 35 жылдығына орай ардагерлерді марапаттау сонымен бірге Чернобыль АЭС ядролық апатының 35 жылдығы аясында ардагерлермен апат зардаптары туралы сұхбаттасу.

Кездесуге Чернобыль АЭС ядролық апатының ардагерлері, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің оқытушылық-профессорлық құрамы мен студенттері, Атырау қаласы БАҚ өкілдері қатынасты.

Жиын Чернобыль АЭС ядролық апатының ардагері, «Атырау облысы Чернобыль ардагерлерінің кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы орынбасары Мухамбеталиев Серік Хаирұлының сөзімен басталды.

Шара барысында Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің оқытушысы, т.ғ.д., профессор Бердіғожин Лесқали Базарғалиұлы және

университеттің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының магистрі Зайнов Амангелді Мұғауұлы баяндама жасады.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Чернобыль АЭС ядролық апатының 35 жылдығына орай Мурзағалиев Серік Хайырұлы, Ахметов Рысбай Салықұлы, Мозаев Асидолла Қуанғалиұлы, Сунгатов Кахим Захарұлы, Гайнуллин Ризабек, Хасан Махуұлы Атырау облысының әкімі орынбасары Б. Хаменованың Алғыс хатымен марапатталды.

Сонымен қатар, 2021 жылдың 16 қазандағы «Қазақстан Республикасы Чернобыль ардагерлері мен мүгедектерінің Одағы» заңды тұлғалар қауымдастығының N231 бұйрығының хаттамасына және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің N393 бұйрығының хаттамасына сәйкес Абишев Айдарбек Ибраимович, Изимов Жасулан Зинкенович, Кусаинов Серік, Мухамбетов Айтжан Жұлдасович, Наушабаев Жолдас, Шапауов Нурлан Сунгатович «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Шара соңында қатысушылар құрметті ардагерлерді марапаттарымен құттықтап, оларға зор денсаулық тіледі.



«АТЫРАУ МАРЖАНДАРЫ» КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

Университеттің Ғылыми кеңес залында ақын, аудармашы, Филология ғылымдарының докторы, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Маржан Аманқосқызы Ершуованың «Атырау Маржандары» кітабының тұсаукесер рәсімі өткізілді.

Кітаптың тұсаукесер рәсімі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің доценті, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қызылқоға ауданының құрметті азаматы Төлеген Жаңабайұлымен Махамбет және Ахмет Байтұрсынов атындағы сыйлықтардың иегері, Индер ауданының құрметті аза-

маты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, мәдениет майталманы Қойшығұл Жылқышиевке табысталды.

Шара барысында Басқарма-төрағасы, ректор Саламат Нұрмұханұлы Маржан Аманқосқызының туындысының жарыққа шығуымен шын жүректен құттықтап, университет атынан әдемі гүл шоғын табыстады.

Тұсаукесер соңында суретші дизайнер Маржан Маршалл, «Baby city» мектеп балабақшасының директоры Маржан Сулимова, «Bilim kz» орталығының директоры Маржан Үрпек сөз сөйлеп, әдемі тілектерін жолдап, естелік суретке түсті.



ҰЛТ ҰСТАЗЫНА ҚҰРМЕТ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылыми кітапханасында халқымыздың біртуар тұлғасы, ағартушы, ақын, этнограф-ғалым, ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин бабамыздың 180 жылдық мерейтойына орай «Ыбырай Алтынсарин – ұлы дала ағартушысы» атты мәдени-танымдық шарасы өтті.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының филология мамандығының студенттері ұйымдастырған шараның кафедраның аға оқытушысы, п.ғ.к., Бибігүл Сейілханқызы ашты. Айтулы басқосуда студенттер Ы. Алтынсариннің өлеңдерін оқып, «Баба рухымен тілдесу» атты қойылымды сахналады. Сондай-ақ, Ы.Алтынсариннің әңгімелері мен өлеңдеріне талдау жасалып, құлы тұлғаның орыс достарына жазған хаттарының үзінділері оқылса, филология мамандығының 4 курс студенті, белгілі айтыскер ақын Фариза Жетпісбаева ұлт ұстазына жыр жолдарын арнап, көрермендерді тәнті етті.

Шара соңында ғылыми кітапхана директоры міндетін атқарушы Зәуреш Әміржанқызы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.,



Гүлбану Сабирова өз ризашылықтарын жеткізіп, студенттер жетістіктеріне сәттілік тіледі. Университеттің ғылыми кітапханасы атынан қатысушыларға естелік сыйлықтар табыс етілді.



ОҢТҮСТІК КОРЕЯЛЫҚ ҒАЛЫМ БІЛІМ ОРДАМЫЗДА

Басқарма Төрағасы-ректор Идрисов Саламат Нұрмұханұлы Тонгмён ақпараттық технологиялар университетінің өкілі (Пусан, Оңтүстік Корея) профессор Ши Мёнг Сонгпен кездесті.

Аталған кездесудің мақсаты – Атырау университеті мен Тонгмён ақпараттық технологиялар университеті арасында ынтымақтастық орнату. Әріптестік шеңберінде халықаралық және ғылыми-педагогикалық ынтымақтастық, атап айтқанда, академиялық ұтқырлық

бағдарламалары бойынша студенттер мен ПОҚ алмасу, практика мен тағылымдамалардан өту, оқытудың озық әдістемелерімен тәжірибе алмасу, ғалымдар мен оқытушылардың бірлесіп өткізілетін симпозиумдарға, конференциялар мен семинарларға қатысуы, екі дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру, ғылыми гранттық және білім беру жобаларын өткізу және Атырау университетінде мамандандырылған тілдік оқу орталығының жаңа түрін құру.

Білімі мен ғылымы дамыған ел гана әлемдік өркениет көшіне ілесе алады. Осы жауапкершілікті сезініп, табандылықпен еңбек еткен майталмандарымыздың арқасында біздің республикамызда да уақыт талабына сай ұлттық білім беру жүйесі қалыптасты. Ерінбей еңбек етіп, республикамыздың білім беру жүйесі мен ғылым саласын дамытуға өзіндік үлес қосушылардың бірі Роза Қоңырбайқызы Қаражігітова жақында өнегелі өмірінің сексенінші белесіне көтерілгені отыр.

ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ – ПАРАСАТТЫ ҰСТАЗ

Адам өмірінің мазмұны оның өмір жасының ұзақтығымен емес, артына қалдырған өшпес мұраларымен мағыналы болатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Өйткені, адам баласының негізгі, басты мұраты өзі өмір сүрген қоғамға, сол қоғамда өмір сүріп жатқан жандарға қызмет ету арқылы өлшенеді

*Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға, -*

деген ұлы Абайдың ұлағатты сөзін өмірінің басты қағидасына айналдырған Роза Қоңырбайқызы, ғылым мен ұстаздықтың туын қатар ұстаған, өзінің саналы ғұмырын жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды меңгертуге арнаған зерделі ғалым, ұлағатты ұстаз.

Кезінде орыс халқының көрнекті табиғат зерттеушісі К.А.Тимирязев: «Ғылыммен шұғылданды мұрат еткендер білімге өздеріне сеніп тапсырылған қазына ретінде қараулары керек, ал ол қазына – бүкіл халықтың меншігі», – деген екен. Оның осы бір қанатты ой-пікіріне толық сай келетін ғалымдардың бірі.

Ұлағатты ұстаз ретінде, әрі азамат ретінде, әрі ғалым ретінде өзіндік келбеті қалыптасқан апайымыз, қашанда жастардың жанашары Роза Қоңырбайқызы Қаражігітова Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қадірменді профессорларының бірі болып табылады.

Роза Қаражігітова 1941 жылы 14-ші қарашада Атырау облысы, бұрынғы Балықшы ауданының Еркінқала селосында дүниеге келеді. Ел басына қауіп төнген, қаһарлы жылдарда Розаның әкесі Қаражігітов Қоңырбай Ұлы Отан соғысына ел қорғауға аттанып, қан майдан ортасынан қайтып оралмады. Ал, Розаның өзі 1948 жылдан 1959 жылға дейін, бастапқыда Атырау қаласындағы Жамбыл орта мектебінде, кейіннен Абай орта мектебінде білім алып, орта мектепті бітіріп шығады. Қандай да болсын, қиындықты көріп, өскен Роза орта мектепті бітіргеннен кейін, облыстық комсомол комитетінің жолдамасымен №2 құрылыс басқармасында (қазіргі «Полипропилен» акционерлік қоғамы) қатардағы жұмысшы, кейінірек табель жүргізуші болып қызмет атқарады.

Тұла бойындағы білімге деген құштарлық, оны 1961 жылы Қазақтың

Қыздар институтына (қазіргі Қазақтың ұлттық Қыздар педагогикалық университеті) оқуға алып келді. Осы жылы институтқа оқуға қабылданып, жаратылыстану-география факультетінің химия-биология мамандығы бойынша студенті атанады. 1965 жылы институтты ойдағыдай тәмамдап, Гурьев (Атырау) педагогикалық институтында аға оқытушылық қызметке кірісті. 1968 жылдың наурыз айына дейін осы институтта жұмыста болды. Бірақ, Розаның бойында осы кезде ғылымға деген талпыныс нышаны байқалды. Ғылым атты тылсым дүниенің тереңіндегі гауһар-маржанды теріп алу үшін, сол жылдың наурыз айында Республика Ғылым Академиясының Гурьев мұнай, химия және табиғи тұздар институтына аспирант болып қабылданды. Аспирантурада оқыған жылдарында химия ғылымының құпиясына тереңірек үңіліп, өзіндік зерттеу бағытын анықтап алды. Осындай, тынымсыз ізденіс нәтижесінде, 1972 жылдың сәуір айында «Способы получения диазосоединения» (Диазоқосылыстарын алу тәсілдері) деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, химия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

Осы жылдан бастап, 1986 жылдың тамыз айына дейін, аталған ғылыми-зерттеу институтында лаборатория меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1982 жылы Кеңес Одағы ғылым академиясының №664 шешімімен аға ғылыми қызметкер атанды. Ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істеген жылдары Розаның қабілеті, бойындағы дарыны, еңбекқорлығы кеңінен ашыла түсті. Күнделікті күйбең тірлікке тоқмелейсіп қалмай, 1982 жылы «Білім» қоғамы жанындағы лектор-әдістемешілердің республикалық сырттай университетін бітіріп, лектор ретінде де өз бет-бейнесін көрсете білді. Өндіріспен ғылымды ұштастыра білуінің арқасында, елеулі еңбегі ескеріліп, 1977 жылы «КСРО өнертапқышы» («Изобретатель СССР») медалімен наградалды. Қоғамдық жұмысты да өзінің төл міндетіндегі сезінген Р.Қаражігітова ғылыми-зерттеу институтында қызмет атқарған 1976-1986 жылдары бастауыш партия ұйымына да хатшы болды.

Роза Қаражігітованың өміріндегі шұғылалы да, шуақты жылдар, Гурьев педагогика институтында (қазіргі



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті) қызмет істеген кезең болып табылады. Осы институтқа 1986 жылдың қыркүйек айынан бастап, аға оқытушы болып қызметке келді. Институтта жұмыс жасаған жылдарында, Розаның ғылыми-теориялық білімі, әдістемелік шеберлігі, студенттерді болашақ маман ретінде тәрбиелеп шығарудағы тер төккен еңбегі ұшан-теңіз. Осының айқын көрінісіндей, 1992 жылы Роза «Қазақстан Республикасы Халық ағарту ісінің озаты» белгісімен марапатталса, ал 1993 жылы бұрынғы Кеңес Одағы ғылым министрлігінің №3242-шешіміне сәйкес, педагогика және психология кафедрасы бойынша доцент дипломын алды. Тек, оқу-әдістемелік жұмыспен шектеліп қалмай, ғылыми-шығармашылық жұмыспен айналысуға да уақыт таба білді. Осындай, тынымсыз еңбек өз нәтижесін беріп, 70-ке жуық ғылыми мақаласы, 3 оқу құралы жарияланып, 7 авторлық куәлікке ие болды. Профессор Роза Қоңырбайқызының ғылыми-педагогикалық ізденістері ұлттық тәрбие, тұлғаның әлеуметтенуі, ұстаз әдебі, мәдениеті, болашақ мамандарды даярлау мәселелеріне арналған.

Роза Қоңырбайқызының өз ісіне, ғылымға деген ұстанымы, адалдығы оның бойындағы парасаттылық пен пайымдылық, қарапайымдылық пен кішіпейілділік, салмақтылық қасиеттері шәкірттері мен әріптестері үшін биік тұғырда тұрады.

*Себебі, Шәкәрім:
Адамдық борыш ар үшін,
Барша адамзат қамы үшін,
Серт берген еңбек етем деп,
Алдағы атар таң үшін, -*
деп көрсетеді.

Әйел – қоғам қайраткері, әйел-ғалым, әйел-белгілі бір мамандықтың хас шебері ғана емес, әйел-ана екендігінде де, әсте естен шығармауымыз керек. Осы тұрғыдан алғанда, Роза ынтымақты отбасының ұйтқысы, өмірлік жан жары Қибасов Мәди

ағамен бақытты ғұмыр кешуде. Мәди ағамыз ветеринария ғылымдарының кандидаты, Атырау мемлекеттік университеті, Зоология және биология кафедрасының қауымдастырылған профессоры болып қызмет атқарды. Ұлы Салауат – ТШО бірлескен кәсіпорнында жоғары білімді инженер-электрик, келіні Ботакөз – жоғары білімді, бухгалтер-экономист. Роза Қоңырбайқызы ұлы мен келінінен Олжас, Манас есімді алтын асықтай немере тәрбиелеп отыр. Қызы Салтанат (рухы риза болсын) пен Сергейдің отбасында Роза апайдың Милана есімді спортшы жиені қызғалдақтай құлпырып өсіп келеді.

Қазақ қыздарына арналған ақын өлеңіндегі

*Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
Мінезі жайдары ашық жайраңдаған.
Қыз өссе елдің көркі деген сөзді,
Қапысыз қалай айтқан қайран ба-
бам. -* деген жолдары қазақтың Роза Қоңырбайқызы сияқты қыздарына мақтаныш сезіммен арналған деп ойлаймын.

Бүгінгі таңда, Роза Қоңырбайқызы Қаражігітова оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәлім-тәрбие жұмыстарын жүргізумен қатар, студенттерді де ғылым жолына жетектеп, тәуелсіз еліміздің тегеурінді азаматы қылып тәрбиелеуде шығармашылықпен еңбек еткен ардагер ұстаз.

Біз, Роза Қоңырбайқызының сегіз белестің шыңына шығып, мерейлі 80-жасқа толып, көңілі толып отырған шағында зор денсаулық, шат-шадыман көңіл-күй, тыныштық пен абырой, отбасында ынтымақ, қызықты да, қуанышты ғұмыр тілейміз.

**Джанзакова Шолпан Исағалиевна
Педагогика ғылымдарының
докторы, профессор
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
«Педагогика»
кафедра-лабораториясының
меңгерушісі**

БІЛІМДІ БИІККЕ ШЫҒАРҒАН ТҮЛҒА

Атырау қаласында «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясы», «Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» және «Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының» ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Халық мұғалімі, Атырау облысының Құрметті азаматы, профессор Қ. Айтқалиевқа арналған «Рухани жаңғыру: жаңартылған білім беру және тәрбие» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Конференцияны өткізу аясында университетте «Қазақстанның халық ағарту ісін және мемлекеттік тілді дамытудағы Қ. Айтқалиевтің қосқан үлесі», «Қазіргі білім беру кеңістігіндегі проблемалар мен мәселелер», «Кәсіподақ ұйымдарының білім беру саласындағы ролі» тақырыбында баянамалар тыңдалды. Айтулы шараға қатысушы қонақтар әуелі Х. Досмұхамедов ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Түстен кейін университеттің ғылыми кеңес залында конференция Пленарлық мәжілісі өз жұмысын бастады. Конференция жұмысын тарих ғылымдарының кандидаты, Атырау облыстық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының төрағасы Қылышбай Сүндетұлы ашып, жүргізді.

Конференцияға университет ректоры Саламат Нұрмұханұлы Идрисов, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясының президенті Бисенбаев Ғани Бектайұлы, Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының төрайымы Мұқашева Айгүл Мақсатқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті педагогика және психология институты директорының орынбасары п.ғ.к., Дүйсенбаев Абай Қабақбайұлы, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясының «Қазақ тілі»,

«Қазақ әдебиеті» және Қазақстан тарихы пәндері зертханасының меңгерушісі Арай Қанапияқызы, Атырау облыстық білім басқармасының басшысы Сатқан Есенғалиев сондай-ақ ғалымдар, Қ. Айтқалиев ұстаздық мектебінің мүшелері, университетіміздің оқытушы-профессорлары сөз алып, КСРО ның халық мұғалімі, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақ КСР Халыққа білім беру саласының құрметті қызметкері, Құсиын Айтқалиевтің ғылымға, білімге, саналы ұрпақ тәрбиелеудегі өнегеге толы еңбек жолдары туралы кеңірек толдады. Ең бастысы, Атырау облысында бірінші болып атаулы мектеп ұйымдастырудағы шеберлігі туралы айта келіп, 54 жылдан аса мектеп қабырғасында үзбестен еңбек еткен, табиғи болмысында тәлімгер, жаратылысынан әдебиетші атанған ұлы тұлғаның өзі туып өскен ауылындағы Алға орта мектебінде өткізген, өңірдің ғана емес, кең байтақ қазақ елінің білім саласындағы ортақ мақтанышы екенін конференцияға қатысушы ғалымдар барша қазақстандықтарға паш еткендей болды.

Конференция соңында айтулы шараны ұйымдастыруда белсенділік танытқан ғалым-ұстаздар арнайы Алғыс хаттармен марапатталып, сертификаттар берілді.



«АҚЫНЖАНДЫ БОЛМАҒАН АДАМ МАТЕМАТИК БОЛА АЛМАЙДЫ»

Білім ордасы қашан да студенттердің жарасымды емен жарқын күлкілерімен, жарқылдаған жайдары жүздерімен, болашаққа деп қол созған ізгі армандарымен әрдайым ұштасып, тоғысып жататыны ақиқат. Студенттік жас бұл жастық кезеңнің қызықты шақтарын қамтумен қатар, қоғамның ішінде ерекше категория болып табылады. Жас кезінде адам қаншалықты ортада өз қабілеттерін қолдана алса, соншалықты олардың өзіндік тұлғалық дамуы артады. Университетіміздегі тұлғалық дамуға мүмкіндік беретін бірегей орган – студенттік өзін-өзі басқару орталығы. Бұл бағытта университетімізде көптеген қоғамдық игі жұмыстар қолға алынған. Бүгінгі айтпағымызда осы орталық жайлы болмақ.

Ерқанат Ғазизұлы. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Физика, математика және ақпараттық технологиялар» факультетінің 3 курс студенті. 2021 оқу жылынан бастап студенттік өзін-өзі басқару құрылымының президенті.

–Ерқанат! Жаңа қолға алған жұмысыңа сәттіліктер тілеймін. Әуелі өзің жайлы жан-жақты таныстырып өтсең.

–Рақмет, Мен Құрманғазы ауданының Теңіз ауылында дүниеге келдім. 2007–2018 жылдары Ю.Гагарин атындағы орта мектепте білім алдым. Мектеп кезінен сабаққа ынтам жоғары болды. 5-сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Рахметқалиева Бақыт апайым мені олимпиадаға дайындады. Міне, осы сәттен бастап, әдебиетке деген құштарлығым артып, көптеген жетістіктерге жеттім. 2019 жылы осы жоғарғы оқу орнының студенті атандым. Университетті қабырғасына келген сәттен қазіргі күнге дейін студенттер үшін бар мүмкіндікті жасап отырған Атырау университетінің ректоры Саламат Нұрмұханұлына өзімнің алғысымды білдіремін. Биылғы жаңа оқу жылынан бастап, студенттердің қолдауымен өзін-өзі басқару құрылымының президенті атандым.

–Өмірде мамандық таңдау оңай емес. Әйтседе, болашақ физика пәні мұғалімісің. Сөйте тұра өзіңді жастар арасындағы ұйымдастырылып жүрген барлық шараның бел ортасынан көріп жүрміз. Негізі әр жасқа талантты болу таңдаған мамандығына тікелей қатысты деп жатады. Осы тұрғыда не айтар едің.

–Университетте білім алып жатқан жан-жақты маман иелері жетерлік. Олардың ішінде заңгер, эколог, журналист, тіл маманы, экономист, шетел тілінің маманы, тарихшы, ди-зайнер, әнші, суретші, менеджмент, ақпараттандыру саласы мамандығы иелерінің бәрі бар. Ал, мен жасымынан әдебиетке жақын болдым, алайда физика мамандығын қаладым. Сондықтан менің өз ойымша талантты болу мамандық таңдамайды деп ойлаймын.

–Қазіргі таңда 3 курстың студентісің. Алғаш студент атанған күннен бастап күні бүгінге дейін жоғарғы оқу орнында атқарған қосымша жұмыстарың туралы білгіміз келеді.

–Жас болған соң болар сабақтан тыс қосымша жұмыстарға белсене араласқанды қалаймын. Көбіне біреуге көмектескім келіп тұрады. Өйткені, біздің үйде үлкендерден жалғасқан тәрбие солай. Әсіресе, әке-анамның «үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеуді» үйреткен ақылы мен еріншек болмай іскер болуға талпындырған тәрбиесінен болар. Өйткені, кішкене күнімнен әкем мені еңбекке баулыды, қолым бос кездері анама да көмектесіп, үй жұмысының тазалығына көңіл аударамын. Мектепте де қоғамдық жұмыстарға етене араластым. Сондықтан әр күн сайын бос уақытымды текке өткізім келмейді. Бірінші курста оқып жүргеннен бастап, спорттық-мәдени шараларды ұйымдастыра жүріп, көптеген қайырымдылық акцияларын да жүзеге асырдым.



–Алға мақсат қойып, оны дер кезінде орындай білу азаматтың азаматына ғана жарасады. Байқауымша сені «Физика математика және ақпараттық технологиялар» факультетіндегі ұстаздарың белсенді студент деп мақтайды. Осы бағытта өзіңнің қол жеткізген қандай жетістіктерің бар. Болашаққа құрған жоспар, мақсатың қандай?

–Алғаш 2018 жылы облыстық марафоннан оған қоса 2019 жылы Жүмекен оқулары сайысынан Алғыс хаттар алдым. Бұл менің жеңіске деген өмірдегі құлшынысымды оятты. Сол сәттен бастап спорт, әдебиет, қоғамдық жұмыстарға көбірек бет бұрдым. Соның нәтижесінде кез-келген жарысқа қатынасып, жеңімпаз атану өзімнің басты мақсатыма айналды. 2019 жылы ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай «Бір ел, Бір ТАҒДЫР» атты эссе байқауы және «Мен жастарға сенемін» атты 7-ші республикалық жастар форумы мен байқауларының екеуінен 3 орынды иеленсем, «Жігіт сұлтаны» байқауынан 2019 жылы 3 орынды, 2020 жылы 1 орынды жеңіп алдым. 2020 жылы «Поэзия үздігі» номинациясының иегері, Халықаралық «Jas project» жастар жобасының сертификат иегері, «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» атты облыста өткен Абай оқулары мен ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылған «Тәуелсіз елдің ертеңі» атты эссе байқауынан 1 орындарды иелендім. 2021 жылы 21 шілде-Халықаралық шахмат күніне орай ұйымдастырылған шахмат турниріне қатысумен қатар, Экология саласындағы волонтерлік жұмысым үшін Атырау облысы Табиғат ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының, сондай-ақ, «Тәуелсіздік тәу етер-жалғыз киен» атты жастар арасындағы эссе жазудан, «Жастар нашақорлыққа қарсы» атты қалалық марафоннан белсенділігіммен танылып, Алғыс хаттарымен марапатталдым. Ал, алға қойған жоспар, мақсаттарым да жоқ емес. «Чемпион болу жолында жеңілістің барын білсең де, бәйгеде соңына дейін шаба беру керек, бар күш-жігерің қалғанша» деген бар. Демек, болашаққа деген үмітті күдікке айналдырмай, әуелі Аллаға содан соң өзіме сеніп, қалаған мамандығымның мәртебесін биіктетіп, тәуелсіз елімнің тірегі болар ел қатарлы азаматтың бірі атанғым келеді. Ең бастысы, аман-есен оқуымды аяқтаған соң, ауылыма барып, білім алған мектебімде қызмет етемін.

«Талаптыға нұр жауар» дейді дана халқымыз. Ендеше, жақында қолға алып жатқан студенттік өзін-өзі басқару құрылымының президенті болып сайланыпсың. Көшбасшылық іскерлігің де алға басып, университет жастарымен бірлесіп жұмыс жасаудағы жетістіктерің көп болып, белсенділігің арта берсін деп тілейміз.

ТАЛАНТТАРҒА ҚАШАН ДА ЖОЛ АШЫҚ

Университетімізде жыл сайын студенттердің басшылығымен қолға алынып жатқан игілікті істер көңіл қуантады. Соның бірі жақында «Ақтаңгер» ақындар клубының жаңадан жетекшісі сайланды. Оған «Көптілді білім беру» факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» білім бағдарламасының 1 курс студенті Амиров Алишер лайық деп танылды. Біз осы орайда ақындар клубының жетекшісіне арнайы жолыққан болатынбыз.

–Өзің 1 курстың студенті бола тұра ақындар клубына жетекші болып сайланыпсың. Ендеше шығармашылық ізденісің сәтті болсын!

Алғаш қояр сауалым: Ең әуелі тума таланттарды халық арасына танытуда құрылған «Ақтаңгер» ақындар клубының жұмысы жайлы таныстырып өтсең.

–Ұстаздық шынайы ниетіңізге ризамын.

Иә. Бұл клубтың атқарылар жұмысы атынан-ақ танылып тұр ғой. Алайда «Ақтаңгер» ақындар клубында студенттер маған дейін де жыл сайын шығармашылықтарымен танылып келген. Ал, биылғы жаңа оқу жылынан бастап осы бір шығармашыл жастармен етене араласып жұмыс жүргізуді жас та болсам өзім қолға алдым. Оған себеп: жоғарғы оқу орнында ақындыққа қызығушылық танытқан қатарластарды бір ортаға топтастырып, таланттардың өнерлерін әуелі университетке, кейін бұқара халыққа таныту болатын.

–Талант ел ішінде жүр демекші, жалпы ақындық жолда өздерінің шығармашылығымен көрініп жүрген жастар жайында не айтар едің.

–Айтуыңыз орынды, талантсыз жас бол-

жарыстың бас жүлде иегері, Баймұханов Ерлан және Ерболатқызы Жанарай, Серікқызы Ақкүндерді айрықша атап өтер едім.

–Біздің байқауымызша ақындар клубында болашақ журналистер мен тіл мамандығында оқып жатқан студенттер баршылық. Алайда басқа маман иелері арасында да талантты жастар табылып жатады ғой. Осы бағытта қандай жұмыс жүргізілуде.

–Орынды сұрақ. Жұмысты жаңадан бастап жатқандықтан әзірге басқа факультеттің студенттерімен етене араласа алмай жатырмын. Дегенмен алдағы уақыттағы жоспарымызда өзге мамандықта оқып жатқан шығармашылық жолындағы жастарды да өз клубымызға тарту ойымызда бар. Ол үшін басқа да мамандықтың студенттерін шығармашылық кешімізге арнайы шақырып, жастар бойындағы таланттың ұшталуына ізгі қадам жасап, көбірек жұмыстар жүргізетін боламыз.

–Жаңадан қолыңызға алған ақындар клубындағы студенттердің талантын жан-жақты шыңдау үшін алдына тағы да қандай мақсаттар қойдың.

–Клуб мүшелерінің шеберлігін шыңдау үшін болашақта оларды ауызы дуалы ақындармен кездестіру жоспарда бар. Жай кездесіп қоймай, жас таланттар үшін шеберлік сағаттары өткізіледі. Ақындармен кездескеннен кейін қалам алыстары жақсарып, сөз саптаулары бұрынғыдан да шыңдала түседі деген үміттемін.

–Таланттардың бағын ашуға қай кезде де білгір ұйымдастырушы керек. Біз де осы жұмысқа өзіндік лайық деп санаймыз. Олай болса, «Ақтаңгер» ақындар клубының алға қойған жоспарлары туралы да хабардар етіп өтсең.



майды. Әркімнің де бойында туғаннан әкениң қаны мен ананың сүтінен тараған тектілік бар. Соның бірі – ақындық. Екінші жағынан жасынан ақын-жыраулардың жырларын жаттап өскен кейбір өскелең ұрпақ сөзге шешен келеді. Олай болса, «Ақтаңгер» ақындар клубының ішінде де ақындармен қатар поэзияға қызығушылық танытып, өлеңді нақышына келтіріп оқитындар да баршылық. Облыстық, Республикалық сайыстардың жүлдегерлері де осы қатардан табылады. Соның бірі ауызы дуалы ақындармен айтысып жүрген айтыскер жас ақын университетіміздің мақтаныштары Фариза Жетпісбай, университеттің президенті Ерқанат Ғазизұлы, поэзия оқудан Республикалық

–Бүгіндері студенттер үшін құрылған жаңа клубта таланттылар топтасып, бірлесе жұмыс жүргізіп, ойларын ортаға салып, оның дамуына өзіндік үлестерін қосуда. Алға қарайда университетте оқып жүрген ақындарымыздың поэзиялық кештерін ұйымдастыруды да қолға алмақпыз. Ол бір жағынан таланттарды көпшілік танумен қатар, шығармашылық жастардың бұрынғыдан да көбірек ізденіп, шыңдалуына себепкер болмақ. Ал, қолға алған жұмысыма келер болсам, өзім осы клубтың жетекшісі ретінде «Ақтаңгердің» атын әуелі Атырауға әрісі Республикаға танытқым келеді.

–Рақмет, Алишер! Алдағы жұмыстарың өз нәтижесін бере берсін.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

Елімменен бірге өсіп мен келемін. Қазаққа арнап жазған жырға өң беремін, Көгімде қыран құспен бірге ұшып Сәби болып бесігімде тербелемін.

Хақ тәңірім көріп тұр төбеден тік, Тәуелсіз ел боп қалу өрегендік. Бақты мына бастағы қадірлейік Оңайлықпен келген жоқ егемендік.

Әр қазақ бірін бірі мақтасыншы, Кездеспесін өзіміздің жақта сыншы. Тәуелсіздік туынан айырмасын Тәуелді боп қалудан сақтасыншы.

Елің үшін еңбектеніп тер төгесің, Тер төгесің күннің білмей ерте кешін.

Елің үшін жауға шапты батыр бабаң Енді кезек көтер елдің мәртебесін.

Өткеніңді әр қазағың жатқа білсін, Рысқұловтың ерлігі ерлік бұл шын. Болашаққа алаңдап ұрандатып Боздақтарым қаншама кетті қыршын.

Ізгілік пен ілтипат тілегімде, Қазақ үшін мен кмір сүремінде. Мен сені жарлап өтем Қазақстан Әр қазақ мына менің жүрегімде.

Амиров Алишер Төребекулы,
Көптілді білім беру факультеті,
Қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі 1 курс

АРМАНЫМ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ БОЛУ

Спорт десе ішкен асын жерге қоятын жастарымыз бүгіндері Атыраудың намысын қорғап, республикалық, халықаралық жарыстардан жүлдемен оралуда. Солардың қатарында университетіміздегі қыз балалардың да жеңіс тұғырынан көрініп жүргендері жаныңды марқайтады.

Олай болса, бүгінгі әңгімеміздің негізгі желісін де жас спортшылардан бастағанды жөн санадық. Өйткені, биыл ғана өздерінің жүрек қалауларымен Атырау университетіне оқуға түскен талапкерлердің арасында жеңімпаз атанып жүрген жастың бірі – 1 курс студенті Амирғалиева Хамария Ганмирланқызын айрықша атап өткен жөн. Ол қаладағы С. Мұқанов атындағы орта мектепте оқып білім алып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып қана қоймай, спорт саласына да ерекше қабілетімен танылған мектептің мақтаулы түлегінің бірі болды. Ал, биыл «спортшы болсам» деген арманына қол жеткізіп, университетіміздің студенті атанған жас біздің айтар ойымызды дәл тапқандай сәл үнсіз отырды да әуелі өзі жайлы айтып өтуді жөн санады.

